

2

Жас ұрпақтың
қауіпсіздігі
жалпыға ортақ

4

Жәнібек Әлімханұлы
допинг қолданды ма?

Сыр бойы

№184 (21060) 4 желтоқсан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар әскердегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жаракат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары, атап айтқанда, ведомствоаралық ықпалдастықты күшейту, қызметтер сапасын арттыру, адам капиталын дамыту және саланы цифрландыру шаралары жөнінде баяндалды.

Президентке мәдениет пен ақпарат, дін және этносаралық қатынастар, азаматтық қоғам, сондай-ақ отбасы, жастар саясаты салаларында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы аталған бағыттарды одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.



ШӘКІРТТІ ТӘЖІРИБЕ ШЫҢДАЙДЫ



Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында кәсіптік-техникалық оқу орындарының тыныс-тіршілігімен танысуға арналып өткізіліп жүрген баспасөз туры Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінде жалғасты. Біз барғанда ұжым республикалық семинарға қызу дайындық үстінде екен.

Жалпы «Еңбек түбі – бөреке, кәсіп түбі – нәсіп» дейді дана халқымыз. Кәсіп игеріп, игілігін көріп жүргендер аз емес. Әсіресе, күнделікті тірлігіміз техникаға байланған мына заманда оның тілін меңгерген маманның қадірі артып-ақ тұр. Қарапайым ғана тұрмыстық техникалардан бөлек, кейінгі кезде ауыл шаруашылығы, өндіріс салаларының автоматтануы, жаңа технологиялардың енгізілуі оның қыр-сырын меңгерген мамандарды қажет етуде. Бір сөзбен айтқанда, жұмысшы маманға деген сұраныс күн өткен сайын артып келеді.



КОЛЛЕДЖ КӨКЖИЕГІ

Жоғарыда айтып өткеніміздей, биыл Президент Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам екені сөзсіз. Сондай-ақ елдің тұрақты өсуі мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуде білікті мамандарды дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккер болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек» деген еді.

3-бет

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

АРХИВ САЛАСЫН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР?

Елімізде мемлекеттік архивке «Ұлттық» мәртебе берілуі мүмкін. Ал ауылдық жерде жұмыс істейтін архив саласының мамандарына 25 пайыздық үстемақы қосу заңмен бекітілмек. Бұл туралы 24.kz хабарлады.

Осындай заң жобасы Сенатта өткен отырыста қаралды. Мұндағы тағы бір маңызды жаңалық – бірыңғай цифрлық архив құру мәселесі. Қазіргі таңда елімізде 236 мемлекеттік архив жұмыс істейді. Онда тарихымызға қатысты 27 млн-нан астам құжат сақтаулы. Алайда көздің қарашығындай қорғалуы тиіс еңбектер қараусыз қалып жататыны жасырын емес. Осы себепті бұдан былай құнды жазбалар жинақталып, ортақ базаға енгізіледі.

ҮШ МЫҢ САРБАЗ ГРАНТ ИЕЛЕНДІ

Елімізде үш мыңнан астам сарбаз мемлекеттік білім беру грантын иеленген. 24.kz мәлімдеуінше, білім грантының екі мыңнан астамы былтыр көктемде әскер қатарына алынғандарға тиесілі. Ал қалғаны былтыр күзде әскерге алынып, биыл қызметін аяқтаған азаматтарға берілген.

Жалпы әскерден босатылғаннан кейін екі жыл ішінде қазақстандықтар азаматтық және әскери жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырмай, ақылы негізде оқуға түсе алады. Одан өзге конкурстық іріктеуден сәтті өткен САРБАЗ 2.0 жобасына қатысушылар үшін мемлекет есебінен жоғары білім алу мүмкіндігі қарастырылған. Грант бөлу кезінде жауынгерлік даярлық көрсеткіштері, тәртіп және әскери қызметшінің тәсілеу нәтижелері ескеріледі. Жоба іске қосылған 2023 жылдан бері мерзімді қызметтен өткен азаматтарға тоғыз мыңнан астам білім беру гранты бөлінді.

ОН ТӨРТ ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ БЕСЕУІ ЖЕКЕГЕ ӨТТІ

Қазақстандағы 14 футбол клубының бесеуі жеке кәсіпкерлердің иелігіне берілді. Сондай-ақ, тағы екі клубпен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Stan.kz хабарлады.

Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаевтың атап өткеніндей, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан футбол клубтарын жекешелендіру туралы тапсырмасын 2026 жылғы наурыз айына дейін орындау жоспарланып отыр.

«Ірі компаниялар қызығушылық танытып, жұмыс басталғанын білессіздер. Клубтарды жекешелендірумен қатар, оларға балалар академияларын ашу міндеті қойылды» деді вице-министр.

Айта кетейік, бұған дейін астаналық «Жеңіс» клубын Kaspi.kz компаниясының басшысы Михаил Ломтадзе сатып алды. «Шахтер» клубының жаңа иесі – кәсіпкер Тимур Турлов. Петропавлдың «Қызылжар» командасы Сергей Канға тиесілі болды. Ал «Ақтөбенің» жаңа басшысы – Qazaq Stroy компаниясының жетекшісі Нұрлан Артықбаев. Қызылордалық «Қайсар» клубын «TAU Group LTD» компаниясының басшысы Исламғали Қозыбақов басқармақ.

ӨҢІРДЕ «САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫС ЖОҚ

Мемлекет басшысы мен Үкімет қолдауының нәтижесінде облыста құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Жыл басынан бері құрылыс жұмыстарының көрсеткіші 235 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 117,6%-ға орындалған.

Аталған саладағы жаңалықтарды облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев БАҚ өкілдеріне арналған брифингте айтып берді.

Басқарма басшысының айтуынша, осы жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 766,7 мың шаршы метрге жетіп, көрсеткіш 110 пайыз болған. Ал жыл соңына дейін 870 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

– Биыл салаға 166,8 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға облыс көлемінде 96 жобаның құрылысын жүргізу және 2980 пәтер сатып алу жоспарланған. Сондай-ақ «Келешек мектептері» ұлттық жобасымен барлығы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы жүріп, ел игілігіне табысталды. Бұған қоса білім саласында сол жағалаудағы физика-

математикалық мектеп құрылысы, музыкалық колледж, Сұлтан Бейбарыс пен Назарбаев көшесі қиылысындағы Шығармашылық инновациялық орталығының және Шиелі ауданынан 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» құрылысы аяқталғаны белгілі. Арал ауданы Жалаңаш ауылынан 150 орындық мектеп құрылысы жыл соңына дейін аяқталатын болады, – дейді Е.Төрәлиев.

Қазір Сырдария өзенінің сол жағалауында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік онкологиялық бөлімше мен көпбейінді аурухана құрылысы жүруде. Арал және Қазалы аудандарында орталық

ауруханаларды реконструкциялау мен Қамқорлық орталығына бейімдеу жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар, Шиелі мен Жаңақорған ауданында орталық аурухана реконструкцияланып, Шиелі кентіндегі инфекциялық аурухана пайдалануға берілді.

– Сол жағалаудағы Тарихи өлкетану мұражайы мен Арал, Қазалы және Сырдария аудандарындағы «Руханият» орталықтары биыл мамыр айында қабылдана, «Достық үйінің» құрылысы жыл соңына дейін бітеді. Облыс әкімінің тапсырмасымен өткен жылы стадион құрылысы басталған болатын. 11 мың орындық стадион қазан айында мерзімінен бұрын аяқталды. Облыстық бюджеттен «Қызылорда Арена» спорт кешені және «Қазақстан халқына» қорымен келісім негізінде сол жағалаудағы спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр, – дейді басқарма басшысы.



Валюта бағамы: \$ 508,2 kzt

€ 589,82 kzt

₸ 6,54 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

☀️ +5°

🌙 -7°

Жұма ☀️ +4°

🌙 -7°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде өндеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты басшыларға тапсырма берілді.

– Өндеу өнеркәсібінің көлемін барынша арттырып, жыл қорытындысымен оң динамикаға жету үшін нақты әрі жедел шаралар қабылдауды тапсырамын. Өңірдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік жоспарын нақтылау керек. Туындаған мәселелерді жедел шешіп, қосымша өсім көздерін анықтаныздар.

Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қыз-

мет көрсету деңгейі де жоғары болуы тиіс. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының облыстық филиалы, көрсетілетін қызмет сапасын қадағалаңыздар. Вокзалдар аумағының абаттандырылуын, көгалдандырылуын, санитарлық тазалығын тұрақты бақылау қажет.

Қала, аудан әкімдері, тек теміржол вокзалдарының аумағы ғана емес, автовокзалдардың, жолдар мен көпірлердің, жол бойындағы май құю бекеттері мен сервистік кешендердің күтіп ұсталуы назарда болуы керек, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Биыл 10 айда аймақта 328 млрд

теңгенің өнімі өндіріліп, өндеу өнеркәсібінде 10,7% өсім тіркелді. Экономиканы әртараптандыру аясында жоспарланған 20 жобаның 13-і іске қосылды, қалған 7-еуі жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Кейінгі бес жылда өндеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіптегі үлесі 12,9% өсіп, өнім көлемі 2,6 есе артты.

Өңір кәсіпорындары цифрлық және автоматтандырылған технологияларды кеңінен қолдануда. Шыны зауыты өнім жинау мен тасымалдауда жапон роботтарын, ал шыны кесуде италиялық автоматты пайдаланады.

Тампонажды цемент зауытының өндірісіне Siemens басқару жүйесі мен интеллектуалды логистика енгізілген. «Мағжан и К» күріш зауыты корейлық толық автоматтандырылған жүйемен жұмыс істейді.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУДА

Кеше облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов депутаттармен қала аумағындағы бірқатар құрылыс нысанын аралады.

Алдымен «Көрме орталығы» құрылыс алаңындағы жұмыс барысы тексерілді. Бұл көпфункционалды ғимаратта көрме, жәрмеңке, конференция және концерт өткізуге мүмкіндік бар. Экспозициялық кеңістігі кең және ашық форматта жобаланған, қажетіне қарай көрме құрылымын жылдам орнату және ауыстыруға жағдай жасалған. Нысан бір уақытта 215 адамды қабылдай алады.

«Достық үйі» жакын арада пайдалануға берілмек. Ғимарат күннен қор-

ғайтын сәндік панельдермен қапталған. Екінші және үшінші қабаттарда кеңселер, сондай-ақ холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200 орындық үлкен зал, 60 орындық кофейна орналасады. Конференц-зал заманауи техникалармен жабдықталады.

Цокольді қабатта би студиясы, музыка және вокал кабинеттері, клуб, қоймалар, архив және қосалқы бөлмелер қарастырылған. Бүгінде ішкі әреу және дизайнерлік безендіру, сондай-

ақ сыртқы абаттандыру жүргізілуде. Жұмыстың 95%-ы біткен. Құрылыс алаңында 7 техника және 135 жұмысшы еңбек етуде.

Сондай-ақ спорт инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жобалардың бірі – сол жағалауда бой көтерген жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені. Құрылысына 2,9 млрд теңге қаралған нысан «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынуда. Кешенде бір мезетте 131 спортшы жаттыға алады. Бірінші қабатта волейбол, екінші қабатта күрес және басқа да залдар орналасады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ

– Президент Әкімшілігінің бастамасымен елімізде халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Заң мен тәртіп» идеологиясы қағидатымен 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама бекітіліп, жүзеге асырылуда. Бүгінгі жиынның негізгі мақсаты – осы идеологияны іске асырудың өзекті мәселелерін талқылау, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын айқындау. Қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік жүктелген мемлекеттік орган ретінде аудандық прокуратура заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәртіпті нығайту жөнінде жүйелі шаралар қабылдап келеді. «Заң мен тәртіп» идеологиясы – бұл тек қағидаттар жиынтығы ғана емес, прокуратура қызметінің мазмұнын айқындайтын, біздің кәсіби міндеттеріміздің сапалы орындалуын талап ететін стратегиялық бағдар, – деді Дәурен Тілеуімбетов.

Жиын барысында білім беру ұйымдарында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы атқарылатын шаралар туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов баяндады.

– Құқықбұзушылық – қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын әрекет. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тағы бір назар аударатын мәселе – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қауіпті жаңауышкерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр. Тіпті ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдары жасөспірімдермен жұмыс істеуде қырағылық танытуы тиіс» деген болатын. Әрине, құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алуда аймақ басшысынан бастап бірқатар тапсырма жүктеп, арнайы алгоритмдер мен іс-шаралар жоспарын әзірлеп, жол картасын бекітті, – деді ол.

Дегенмен, статистиканың өсімі көңіл қынжылтады. Жыл басынан бері ауданда құқық бұзуға бейім 18 оқушы, мектепшілік есепке 32 оқушы, қолайсыз 3 отбасындағы 10 оқушы есепке алынған. Бөлім басшысы ата-аналардың балаларын өзімішділікке тәрбиелеуі қиындық тудырып отырғанын жасырмады. Бұған өткен оқу жылында аудан әкімдігі жанындағы көмектете толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия шешімімен туған ата-анасынан бас тартқан ер бала Қызылорда қаласындағы көмектете толмағандарды бейімдеу орталығы мекемесіне тапсырылғаны дәлел.

Быылғы оқу жылында облыс прокурорының бастамасымен білім беру ұйымдарында маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі –

«Адал бала» жүйесі. Қазіргі күні 16 740 оқушы, 868 сынып жетекшісі, барлық ата-ана соған тіркеліп, жүйені пайдалануда. Әділхан Жөлекешов бұл жүйе балалардың бойына адалдық құндылықтарын сіңіретінін, «Заң мен тәртіп», «Қаржылық сауаттылық», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениет», «Буллинг және зорлық-зомбылық» бөлімдерінде оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тақырыптық тапсырмалар тереңдетіліп берілетінін жеткізді.

Аудан әкімінің орынбасары білім алушылар тарапынан болған келенсіздіктерге көп жағдайда мектеп, колледж мұғалімдерін кінәлі ету ата-ана мен ұстаз арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіретінін айтты. Сондықтан қалай десек те тәрбие бастауы отбасы екенін ұмытпауға шақырды.

Одан кейін аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсақов құқықбұзушылық профилактикасы бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Биыл ауданда «Бала және отбасы», «Түнгі қаладағы балалар», «Демалыс», «Абайлыңыз, балалар!» сияқты жедел профилактикалық іс-шаралар, «Түнгі қала», «Квадрат» рейдтері ұйымдастырылды. Осы жұмыстар барысында 666 құқықбұзушылық анықталып, қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 6 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды. Түнгі уақытта заңды өкілсіз тұрғынжайдан тыс, ойын-сауық орындарында жүрген 539 жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Құқықбұзушылық жасаған 15 жасөспірім, бала тәрбиесіндегі міндеттерін дұрыс атқарамаған 25 ата-ана полиция есебіне алынды, – деді ол.

Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін негізгі себептер ата-ана тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығы, тәрбие жұмысының өз деңгейінде жүргізілмеуі, отбасының әлеуметтік жағдайының төмендеуі екенін талдау нәтижесі көрсетті. Сондықтан қылмыстың барлығы сабақтан тыс уақытта болғанын ескерген тәртіп сақшылары баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды ұсынды.

Мәжілісті қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары бала тәрбиесі интернетірімінде, желінің жетегінде кетпеуі үшін бала – ұстаз – ата-ана ұштағаны бірлікте, үндестікте жұмыс жасауы қажет екенін еске салды.

– Заңдылық пен тәртіп – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі. Құқықтық мемлекете заң қарапайым азамат үшін де, мемлекеттік қызметкерлер үшін де міндетті. Әрбір азамат салық төлеуден бастап жол қозғалысы ережелеріне дейінгі заңнаманы сақтауы қажет. «Заң мен тәртіп» принципі барлығына қатысты болуы керек, бірақ оны құқықтық теңдік болған жағдайда ғана сақтай аламыз, – деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫ БАСЫНЫҢ АЗЫҒЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰНЫН АРЗАНДАТУҒА СУБСИДИЯ НОРМАТИВІН, СОНДАЙ-АҚ ӨЛШЕШАРТТАРЫН, ӨТІНІМ НЫСАНЫН ЖӘНЕ ӨТІНІМ БЕРУ МЕРЗІМІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындардың құнын арзандатуға субсидия нормативі, сондай-ақ өлшемшарттары және өтінім беру мерзімі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындардың құнын арзандатуға субсидия алу өтінім нысаны.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Н.НӨЛІБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы _____ № _____ қаулысына 1-қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫ БАСЫНЫҢ АЗЫҒЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰНЫН АРЗАНДАТУҒА СУБСИДИЯ НОРМАТИВІ, СОНДАЙ-АҚ ӨЛШЕШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӨТІНІМ БЕРУ МЕРЗІМІ

№	Субсидиялау бағыты	1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия алуға өлшемшарттар	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалатын шығындар құнын арзандату (сүтті және сүтті-етті бағыттағы асылтұқымды ірі қара малдың аналық басы)	160 000	1. Есепке алу нөмірінің болуы; 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы; 3. Өтінім беру сәтінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорымен және селекциялық және асылтұқымды жұмыстың ақпараттық қорымен ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының тіркелген болуы; 4. Өтінімді берген сәтте (жасы 13 ай және одан асқан) ауыл шаруашылығы жануарларының 400 бастан басталатын меншікті аналық басының болуы	Жылжымайтын мүлктің бірінші мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорымен және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде дерекқормен интеграциялық өзара әрекеттесу	ағымдағы жылдың 30 желтоқсандағы қоса алғанда

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы _____ № _____ қаулысына 2-қосымша

Нысан
(облыстың) жергілікті атқарушы органы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫ БАСЫНЫҢ АЗЫҒЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҚҰНЫН АРЗАНДАТУҒА СУБСИДИЯ АЛУ ӨТІНІМІ

Өтінім нөмірі: _____
Өтінімнің қалыптастырылған күні: _____

1. Тауар өндірушінің атауы _____
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/занды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің мекенжайы: _____
(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үй нөмірі)

3. Тауар өндірушінің телефон нөмірі _____

4. Банктік деректемелері (ЖСК, КБ, БСК): _____

5. Шаруашылықтың есепке алу нөмірі: _____

6. ЖСН-ы/БСН-ы _____

7. Өтінім берушінің жер учаскелері туралы мәліметтер _____

№	Кадастрлық нөмірі	Жалпы алаңы, гектар	Жер санаты	Нысаналы мақсаты
1.	2	3	4	5
1.				
2.				

8. Жасы 13 ай және одан асқан ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басы туралы мәлімет:

№	АЖБ-да тіркелген мал басының ЖСН-сы
1	2
1.	
2.	

9. Субсидиялауға жататын аналық мал басының саны _____ бас.

10. Субсидиялау нормативі 1 бас үшін _____ теңге.

11. Тиесілі субсидияның жалпы сомасы _____ теңге.

12. Сатып алу-сату шартының электрондық көшірмесі.

13. Электрондық шот-фактура (импорт кезінде талап етілмейді): _____

№	ЭШФ беру күні	Айналым жасалған күні	ЭШФ нөмірі	Сатушының ЖСН/БСН	Сатушының атауы	Жалпы құны
1	2	3	4	5	6	7

14. Құны толық төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (ел ішінде сатып алынған кезде: бақылау-қасқа аппаратының кіріс қасалық ордері мен чектері немесе төлем тапсырмасы немесе банктік үзінді-көшірме;

шетелден сатып алған кезде: тауарларға арналған келендік декларация/тауарларды әкелуге және жанама салықтарды төлеуге арналған өтініш(тер) және ақша аударуға өтініш).

Субсидияларды алу үшін қолданылған электрондық шот-фактураларды бұғаттау туралы хабардармын.

Мәлімдеген мал басының күнтізбелік жыл ішінде сақталуын қамтамасыз ететіндігі растайтын (мал шығынның зоотехникалық нормасы және асылтұқымды өткізуді қоспағанда), мал басының азаюы (өтініш берген күнге) және сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда, жануарларының сақталмаған басына алынған субсидияларды қайтаруға келесімін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растайтын және дұрыс емес мәліметтер ұсынығанын үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өндеуге, сондай-ақ уәкілетті органға бюджетті орындау бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша

деректерді беруге келісім беремін.

Дербес деректердің трансшекаралық түрде берілуі болмағанын, сондай-ақ дербес деректердің жалпыға бірдей қолжеткізгіш көздерде таратылуын алмағанын хабарлаймын.

Жиналатын деректердің тізбесі: жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелер, электрондық почта, телефон нөмірі.

Өтінім беруші 20 _____ жылғы _____ сағат _____ кол қойып, жіберді.

Өтінім беруші туралы ЭЦҚ-дан алынған мәліметтер.

Аббревиатуралардың толық жазылуы: ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі; БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі; ЖСК – жеке сәйкестендіру коды; КБ – бенефициар коды; БСК – банктік сәйкестендіру коды; АЖБ – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор.

ЭШФ – электронды шот фактура; ЖСН – жануардың сәйкестендіру нөмірі; ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 224 қаулысы

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДАҒЫ № 512 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ПЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 512 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыммен бекітілген «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде: 15-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) креативті индустриялар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады»;

15-тармақтың 26) тармақшасы алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З.Шермаганбетке жүктелсін.

4. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы
Д.ЖАНАНИНОВ



Шәкіртті тәжірибе шындайды

Жастарды еңбек пен білімге баулып, кәсіпке үйретіп, маман етіп шығаруда кәсіптік-техникалық оқу орындарының маңызы зор. Біздің өңірде де қаншама жылдық тарихы бар іргелі кәсіптік білім ошақтары баршылық. Солардың бірі осы Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі.

1958 жылы құрылған оқу орны 70 жылға жуық уақыттан бері қаншама шәкірт тәрбиелеп, сан мыңдаған жұмысшы маманды дайындады. 18 мамандық, 28 біліктілік бойынша мемлекеттік лицензия алынған. Бүгінде мұнда жалпы білімнен қатар 10 мамандық, 10 біліктілік бойынша оқытылады. Инженер-педагог қызметкерлер саны – 61. Оның ішінде 35-і оқытушы, 26-сы өндірістік оқу шебері. Жалпы 116 маман қызмет етеді. Колледжде 473 студент білім алуға. 240 орындық жатақханасы бар.

Мұнда білім алушылардың өндірістік оқуы мен кәсіптік тәжірибеден өтуі аудандағы ірі кәсіпорындармен жасалған келісімшарт негізінде жүргізіледі. Колледж директоры Болат Сүлейменов бұл лауазымға жыл басында өндірістен ауысып келген. Өндірістің қыр-сырын меңгерген ол жаңа қызметке келгені бері теориялық білімді өндіріспен ұштастырып, білім алушылардың мамандық бойынша машығын дамытуға баса назар аударуда. Мәселен, жыл басынан білім алушыларды өндірістік оқу мен кәсіптік тәжірибеден өткізу мақсатында аудандағы 20-дан астам ірі кәсіпорны және шаруа қожалығымен жаңадан келісімшарт жасалған.

Жалпы колледж тарихы еліміздің еңбек шежіресімен сабақтас. Бұл оқу орны – еңбек ерлерінің ұстаханасы. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев, Социалистік Еңбек Ерлері Закира Ержанова, Ұлбала Алтайбаева, Шырынқұл Қазанбаева, Жадыра Таспамабетова – бәрі де осы орданың түлегі. Одан бөлек, халық сүйген механизматорлар Рысбай Мәуленов, Сұлтан Айтасов, Жаксылық Ахметов осы шаңырақтан қанаттанған. Колледж тарихына үнілсек, әр дәуірдің еңбек эпосын көреміз.

Өмір өзгерістерін тұрды. Осы жыл мен үшін де, ұжым үшін де үлкен сын мен ізденістің, өзгеріс пен жаңғырудың жылы болды. Бүгінгі білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті, нақты өндіріске қажет маман дайындауға бағытталуы тиіс. Мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін факторлардың бірі – әлеуметтік әріптестермен тиімді ынтымақтастық. Әлеуметтік әріптестік білім алушыларды еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті нақты ресурстармен, ақпаратпен және тәжірибеге қол жеткізумен қамтамасыз етеді.

Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқу шеберлерін тағайындамадан өткізу және білім-біліктілігін арттыру мақсатында жоғары оқу орындары мен маңдайдайды колледждермен ынтымақтастық туралы меморандумдарға отырдық. Сәуірде колледжде «ҚазАтомөнеркәсіп» мекемесіне қарасты «KAP LOGISTICS» ЖШС-ның бас директоры Дархан Рамазановпен кездесу өтті. Дархан Болатұлы колледждің материалдық-техникалық базасымен танысып, әріптес ретінде колледжде қажетті қондырғылар, техникалар, қосымша бөлшектермен мүмкіндігіне көмек беретінін және білікті мамандарын оқу процесінде ұйымдастырылатын жұмыстарға қатыстыратынын айтты. Нәтижесінде меморандумға қол қойылды. Бұл – әлеуметтік әріптес ретінде білімді ұрпақ, бәсекеге қабілетті маман дайындауға бағытталған үлкен қамқорлық.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» бізге ерекше жауапкершілік жүктеді. Сол себепті жыл басынан бері 8 жана мамандық ашу жұмысы жүріп жатыр. Олардың қатарында автокөлікке қызмет көрсету, автоэлектрик, автослесарь, наубайшы, сумен жабдықтау жүйесінің операторлары, қран машинистері, уран өндіру саласының аппаратшылары, операторлар бар. Бұл – ел экономикасына аударай қажет мамандықтар. Біздің міндет – осы салаларға білікті кадр даярлау.

Тағы бір ең маңызды жаңалық – ЗИФ-1200 МПҚ бұрғылау қондырғысының оқу процесіне берілуі. Мұндай техникамен жұмыс істеу – студентке өндірістің есігін ашқанмен тең. Еліміздің ТЖҚБ жүйесінде сирек кездесетін мүмкіндік. Бұл қондырғы кәсіби құзыреттілікті бекітуге, практикалық дағдылар мен кәсіби қызмет тәжірибесін алуға үлкен мүмкіндік береді, – дейді Болат Муллаңазарұлы.

Оқу-өндірістік жұмыстарымен қатар, зертханалар мен шеберханаларды жөндеуге көңіл бөлінген.

Жетістік алға жетелейді

Колледждің жетістіктері де баршылық. Шәкірттері WorldSkills жобасының түрлі байқауларына қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Айта кетейік, WorldSkills жобасының мақсаты – жұмысшы мамандықтар мәртебесін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту. Атап айтсақ, «Дәнекерлеу ісі» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kyzylorda-2024» облыстық іріктеу чемпионатына қатысып, облыстық жарыстан бас жүлде алған Сарыбай Ержан «WorldSkills-2024» ұлттық чемпионатының республикалық кезеңінен медаль иеленді. Осылайша ол жетекшісі Қайрат Башаровпен бірге оқу орнының абыройын асқақтатты. «Жас электрік-2025» облыстық байқауында Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі жалпыкомандалық есепте ІІ орынды иеленсе, колледж студенттері Аркадий Лян мен Нұрасыл Сатыбалдиев «Электр сұлбаларын жинау» сайысында І дәрежелі дипломмен марапатталды. «Кондитерлік іс» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінде Ақбота Паримбетова мен Аружан Әбдірасілова ІІІ орын иеленді. Жетекшісі – Айлана Ақылбекова. Ал «Электромонтаждау» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінде Аркадий Лян ІІ орын алды. Жетекшісі – Мейірбек Сұлтанов.

Республикалық студенттер форумында «Бұрғылау қондырғысының машинисі» және «Экскаватор машинисі» мамандығы бойынша колледж студенттері І орынды жеңіп алды. Команда жетекшілері – арнайы пән оқытушысы Жалғасбек Қуандық пен өндірістік оқу шебері Гүлназ Жолымбетова. «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінде Ақбота Паримбетова мен Аружан Әбдірасілова ІІІ орын иеленді. Жетекшісі – Айлана Ақылбекова. Ал «Электромонтаждау» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills-2025» кәсіби шеберлік байқауының облыстық іріктеу кезеңінде Аркадий Лян ІІ орын алды. Жетекшісі – Мейірбек Сұлтанов.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында, «Talar» KEAK пен Абай облысының білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған геологиялық барлау колледжде «Жастар – жаңа геологиялық ашылар жолында» атты республикалық студенттік форум өткізіліп, оған Абай, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды облыстарынан колледж студенттері мен Новосібір қаласындағы Сібір геофизикалық колледжінің (Ресей Федерациясы) командасы қатысты. Сол шарада Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінің «Бұрғылау қондырғысының машинисі» және «Экскаватор машинисі» мамандығы бойынша Мирас Серкебай, Исабек Жомартұлы, Шерхан Мұрат, Нұрсейіт Әділбекулы, Санжар Сабыржанұлы сынды студенттерден құралған команда және жетекшілері Жалғасбек Қуандық, Гүлназ Жолымбетованың демеуімен І орынды жеңіп алды.

Ақмола облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша І аймақтық «AgroBest-2025» кәсіби шеберлік байқауында колледж студенті Әлішер Сайынов, жетекшісі Ғалымжан Дүйсебаев ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Алда үлкен мақсаттар мен жоспарлар бар. Ең негізгісі – студент санын арттыру, шеберханаларды толық жаңғырту, дуальді оқытуды 40-50% деңгейіне жеткізу, жаңа

зертханалар ашу, индустриялық серіктестер санын арттыру, студенттерді шетелдік тағлымдамаларға жіберу. Біздің арман – Шиелі индустриалды-аграрлық колледжін көшбасшы аграрлық-техникалық орталыққа айналдыру, – дейді колледж директоры Болат Сүлейменов.

Колледждің тыныс-тіршілігімен танысқан соң біз студенттермен бірге теорияны тәжірибемен ұштастыратын алаң – өндіріс орнына бағыт алдық.

«Қарамұрын» кеніші

«Пайдалы қазбаларды барлаудың техникасы мен технологиясы» мамандығы, соның ішінде №74 «Бұрғылау қондырғысының машинисі» біліктілігі бойынша оқып жатқан екінші курс студенттері алғашқы өндірістік тәжірибеден өтуде. Үстеріне арнайы киім, бастарына каска киген 17 өрен тәжірибе алаңына баруға сақалдай сай. Студенттер алдымен «Волков-геология» АҚ №23 геологиялық барлау экспедициясы филиалы мекемесінде техникалық қауіпсіздік шараларымен және арнайы жұмыс нұсқаулығымен танысуы шарт. Өйткені еңбек қауіпсіздігі – бәрінен маңызды. Бізді өндіріс орнына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жалғасбек Қуандық және өндіріс шебері Қайсар Бекайдаров алып барды. Айтақшы, білім ордасындағы ЗИФ-1200 МПҚ бұрғылау қондырғысын осы мекеме сыйға тартқан.

Шәкірттерге мекеменің еңбек қауіпсіздігі, оны сақтаудың маңызы туралы жетекшісі маман Мейірхан Рахманов түсіндірді.

– Біз уран кен орындарын бұрғылаумен айналысамыз. Қай жұмыс орнында болсаңыз да бірінші кезекте еңбек қауіпсіздігін сақтауыңыз керек. Оған не кіреді? Бірінші, бастарыңыздағы каска жатады. Сонымен бірге өзге де жеке қорғаныс заттары бар. Атап айтқанда, арнайы киім, етік, қолғап, көзілдірік, құлақпақ кіреді. Жұмысқа кіріспес бұрын осыларға мән береміз және жұмысшылар кіріспе нұсқаулықтан, сонан кейін жұмыс орнындағы нұсқаулықтан өтеді. Мәселен, етікті алайық, жұмысқа арналған етіктің басында темір бар. Ауыр заттармен биіктікте жұмыс істегеннен кейін қандай бір жағдайда етіктегі темір аяқты зақымдануынан сақтап қалады. Кейде темірі бар арнайы аяқ киімді үйдегі қарапайым аяқ киіммен ауыстырып киіп шығамыз. Ол дұрыс емес. Тіпті сым бұрасаң да, шеге қақсаң да сақ болу керек. «Апат айтып келмейді» деген, кез келген уақытта төтенше жағдай, оқыс оқиға орын алуы мүмкін. Еңбек қауіпсіздігін сақтауға байланысты ережелер жазылған қалың кітап бар. Ол жайдан-жай жазылмаған. «Сактансаң, сактаймын» деген емес пе, арнайы жұмыс формасын киюдің де өзіндік қағидасы бар. Кейде форманың жеңін түймелеу, жағаны қымтау секілді қарапайым ғана шартты орындауға немқұрайлы қараймыз. Ал оның үлкен өкінішше, қайғылы жағдайға ұрындыруы ғажап емес, – дейді М.Рахманов.

Мейірханның осы салада он бес жылдық тәжірибесі бар. Негізгі қызметі – қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалау, түсіндіру. 1200 жұмысшыға дейін қауіпсіздік ережелерін үйретіп, нұсқаулықтармен таныстырған ол адамдардың немқұрайлылығына, сақтыққа селсіз қарайтынына талай мәрте куә болған.

Біз мұнан әрі автобуска отырдық. Бағытымыз – кент орталығынан 15-20 шақырым жердегі «Қарамұрын» кеніші.

Шиеліде мекемеге қарасты екі кеніш бар. Бірі – «Қарамұрын», екіншісі – «Иір-көл».

Алдымен геологтар барлау жұмыстарын жүргізіп, картасын сызады. Содан соң бұрғылаушылар арнайы қондырғының көмегімен бұрғылайды. Жерасты сілтіндіру әдісі арқылы уран қабаттарын ертіп, өндіріш мекемеге сумен жібереді.

Студенттер мұнда келгенде топқа бөлініп, оларға тәлімгер бекітіледі. Мұнда келген маман жұмысын бұрғылау машинисінің көмекшісі болып бастайды. Сөйтіп барып қабілет-қарымына сәйкес көтеріле береді. Біздің диплом бұрғылаушыға да жарай-

ды. Бұл мамандықтың ашылып, оқытыла бастағанына 4 жылдың көлемі болды. «Жас маман» жобасы бойынша жеделдетілген курста бір жыл он айда оқытып шыққан мамандарымыз бүгінде осы салада еңбек етіп жүр. Қазіргі кезде 18 маман осы мекемеде жұмыс істейді, – деді Жалғасбек Қуандық. «Қарамұрын» учаскесінде он қондырғы бар. Жалпы «Қарамұрын» өнтүстік, солтүстік аймағы болып екіге бөлінеді. Солтүстікте төрт, өнтүстікте алты бұрғылау қондырғысы жұмыс істеп тұр. «Иір-көлде» сегіз агрегат бар. Бір агрегатта төрт бұрғылаушы, олардың көмекшісі және бір инженер еңбек етеді.

– Біздің мекемеде жалпы мыңнан аса адам жұмыс істейді. Республикадағы уран қазатын ірі компанияның бірі болғандықтан өзге облыстардан да тәжірибеден өтуге студенттер көптеп келеді. Мысалы, өзіміздің жергілікті жастардан бөлек, Семейден де келеді. Ауыл жастарының бұл мамандыққа деген қызығушылығы жыл өткен сайын артып отыр. Бұл – қуанарлық жағдай. Осы салада қызмет етіп жүргеніме он бес жылдан асты. Бұрын орыстар көп еді, қазір жергілікті мамандар. Он бес жыл бұрын біз өзге ұлттан үйренсек, қазір өзіміз үйрететіндей дәрежеге жеттік, – деді «Қарамұрын» партиясының бас инженері Тимур Қоянбаев.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, геологтар картасын сызып берген соң, геофизиктер қалай, немен бұрғылау керек екенін айтады. Жер қыртысына байланысты түрлі қоспалар дайындалады. Бұрғылау тереңдігі де әркілі. Біз барған учаскеде сол кездің өзінде 550 метр тереңдікте бұрғыланған екен. Жұмыс тоқтаусыз жүріп жатыр. Мамандар кейде 4-5 күнде, кейде бір жетіде жұмысты аяқтап, келесі уранды өндіретін мекемеге табыстайды.

Бізді бастап келгеннің бірі – Қайсар Бекайдаров осы мекемеде партия басшысы әрі колледжде өндіріс шебері қызметін қоса атқарады. Оқу орнының басшылығы осы қызметке шақырған. Ондағы мақсат – студенттерге теориямен қоса тәжірибені қатар меңерту.

– Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі өндіріс орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Соның ішінде «Волков-геология» №23 геологиялық барлау экспедициясы мекемесімен келісімшарт бар. Осы мекемедегі жұмыс өтілім жиырма жылдан асады. Колледж студенттерінің теориялық білімін ең жүзінде шындауға атсалысып жүрміз. Ең бастысы, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауға мән береміз және үнемі айтып отырамыз. Өйткені, қауіпсіздік бәрінен маңызды, – дейді ол.

Студенттер мамандардың әр сөзін ықыласпен тыңдап, жұмыс істеп тұрған қондырғыға қызыға қарауда. Бірінен соң бірі сурақ қойып, білмекке ынтыла. Нұрмы Толқынбай – солардың бірі. Ол Шиелі кентінің тұрғыны. Мектепте тоғызыншы сыныпты бітіріп, колледжде оқуға түскен.

– Бұрғылау қондырғысы машинисі мамандығының екінші курс студентімін. Бұл біздің алғашқы практикалық сабағымыз. Бұған дейін колледжде теориясын оқыдық. Міне енді теориялық білімімізді практикамен ұштастырып жатырмыз. Бұрғылау мамандығы мен үшін өте қызық. Өйткені жерасты пайдалы қазбаларын табу, қазу, оны пайдаға жарату күрделі де қызықты жұмыс. Болашақта осы саланың мықты маманы болғым келеді, – дейді Нұрмы.

Колледждің, студенттердің арқасында біз де бұрғылау ісімен, уран өндірудің әліппесімен танысып, кен орнының тыныс-тіршілігінен хабардар болып қайттық. Шан-тозаның арасында, күндіз-түні еңбек еткен жұмысшылардың бейнеті расында өлшеусіз. Ал осындай маман, еңбек адамдарын үйретіп, дайындап шығаратын оқу орны мен өндіріс мамандарының қызметі бағалана беруі керек. Біз осындай ой жетегімен қайтар жолға шықтық...

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»
Қызылорда-Шиелі-Қызылорда

Дизайны өзгертілген номиналы 1000 теңгелік банкноттары және 1000 теңгелік мерейтойлық банкнотаны айналымға шығару туралы

Қазақстан Ұлттық Банкі дизайны өзгертілген номиналы 1000 теңгелік банкноттарды және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған номиналы 1000 теңгелік мерейтойлық банкнотаны айналымға шығарды.

Номиналы 1000 теңгелік банкнотаның
дизайны туралы



Банкноталардың түсі – қоңыр-сарғылт.

Алдыңғы бетінде:

- көкте қалықтап ұшқан құс пен «Өмір ағашының» бұтағы (Есік қорғаны, б.д.д. 3-4 ғғ., Алтын адам бас киімінің бір бөлігі, табиғат пен наным байланысының қасиетті мағынасы);

- ДНҚ спиралін және адамның табиғатпен байланысын білдіретін ою-өрнекпен стильдендірілген шексіздік символы;

- артефакт – төс айыл (тарпта) элементі бұралған жыртықш формасымен беріктік пен төзімділіктің символы ретінде (Бесоба қорғаны, б.з.д. 6-4 ғғ., Орал өңірі, Батыс Қазақстан).

Сырт жағындағы бетінде:

- ою-өрнекпен стильденген қалқан фонында Төбет пен Тазы тұқымдас әріптері;

- дөңгелек қазақ халқының ою-өрнегі, «қалқан» бейнесі – құндылықтарды қорғау нышаны, ежелгі символ – төрт тарап, ортасындағы күн белгісі – жасампаздық энергиясы мен өмір нышаны;

- артефакт, төс айыл (тарпта) элементі бұралған жыртықш формасымен беріктік пен төзімділіктің символын (Қырық-Оба қорғаны, б.з.д. 7-6 ғғ., Батыс Қазақстан) көрсетеді. Банкнотаның ортасында фон ретінде ою-өрнек стилінде бейнеленген шексіздік символына тән Қазақстанның дала жоталары берілген.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған номиналы
1000 теңгелік мерейтойлық банкнота туралы



Банкноталардың түсі – қоңыр-сарғылт.

Алдыңғы бетінде:

- Даңқ мемориалы бейнеленген, Отан үшін жан қиған батырларға көрсетілген құрмет белгісі;

- 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта орналасқан;

- Микро-оптикалық қорғаныс жолағы. Банкнота бұрышын өзгертен кезде жолақта тереңдіктің, көлемнің және жылтырдың үш өлшемді әсері, сондай-ақ мәңгілік алау мен ұшып бара жатқан тырналар көрінеді. Тырналар силүэт – жақсылық пен үміттің бейнесі – өмірді суреттейді.

Екінші бетінде:

- тарихи мұрағаттық фотосуреттердің үзінділері мен Қазақстан картасы бейнеленген;

- ерлік, табандылық пен батырлықтың символы ретінде Отан соғысы ордені бейнеленген.

Номиналы 1000 теңгелік банкноттары және номиналы 1000 теңгелік мерейтойлық банкнота өз құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға жатады. Сондай-ақ банктік шотқа салуға, Қазақстан Республикасының барлық банкінде аударуға және ұсакталуға міндетті.

ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

